



# ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЬҚ

Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы құрылды және оның негізгі мақсаты елдегі барлық этникалық топтар арасындағы достық пен түсіністікті нығайту, үлтаралық көлісімді қамтамасыз ету, сонымен қатар азаматтық тенденцияның қорғау болды. ҚХА өз жұмысын Қазақстан Конституациясына және басқа да заңнамалық актілерді негізгө ала отырып атқарды. ҚХА-ның құрылуы еліміздегі көпэтносты қоғамның бейбіт ері үйлесімді өмір сүруіне жол ашты.

Ассамблея үлтаралық мәселелерді шешу және әртүрлі мәдениеттердің өзара қарым-қатынасын қалыптастыруға баса назар аударып келеді. Оның басты құндылықтары – этносаралық татулық, азаматтық бірлік және мемлекет тарағынан барлық этникалық топтардың мүдделеріне құрметпен қарау.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымы және қызметі ТМД елдеріндегі басқа мемлекеттерде ұқсас институттардың жұмысымен салыстырылғанда өзіндік ерекшеліктерге ие. ТМД-та қатысушы мемлекеттердің көпшілігінде үлтаралық көлісімді қамтамасыз ету үшін арналық мемлекеттік құрлылымдар жұмыс істейді, бірақ олар әртүрлі басқару мөдальдерінде ие.

Мәселен, Ресейде үлтаралық қатынастарды басқару үшін бірнеше мемлекеттік құ-

рылымдар бар. Соның ішінде Ресей Федерациясы Президентінің жаңындағы Үлтаралық қатынастар кеңесі және этномадени қауымдастықтар мен жұмыс істейтін комитеттер. Ресейдің қөпұлттық қоғамында үлтаралық мәселелерді басқару жүйесі дәстүрлі түрде орталықтандырылған, ал Қазақстандағы модельде Ассамблея тек этникалық топтардың мүдделерін қорғау ғана емес, сонымен қатар оларды қоғамның барлық салаларына тарту мақсатында жұмыс істейді.

Ал Беларусьте үлттардың қатынастарын реттеу үшін арналық институттар жоқ, бірақ, үлтаралық көлісім мәселесін елдің заңнамасында ерекшे орын алады. Бұл елде үлтаралық қатынастар жүйесі негізінен тіл мәселесіне және мәдени интеграцияға бағытталған. Алайда Қазақстанның ҚХА-сы

сияқты арналық институт қалыптаспаған.

Әзербайжанның этникалық қатынастарын басқаруда арналы мемлекеттік құрлылымдар мен қөмдемештілдікке бағытталған саясат бар. Бірақ Әзербайжанның жүйесінде Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты халықтардың мүдделерін қорғауға бағытталған біртұтас үлттық құрлылым жоқ.

Көршілес Қыргыз Республикасы халқы Ассамблеясы 1992 жылы үлтаралық қатынасты жақсарту, елде тұратын түрлі этностар арасындағы турақтылық пен ынтымактастықты қамтамасыз ету мақсатында құрлылған. Ол әртүрлі этникалық және мәдени топтар арасындағы консенсус пен сыйндарлы диалогқа жәрдемдесетін консультативтік және үйлестіруші орган ретінде қызмет етеді.

Қазақстан халқы Ассамб-

леясының 30 жылдық қызметі елімізде үлтаралық көлісім мен үлттық бірлікті сақтауда маңызды рөл атқарды. ҚХА-ның қызметі тек Қазақстандаған емес, ТМД елдерінде және әлемде үлтаралық қатынастарды басқарудың ерекше моделіне айналды. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген жетістіктері көптеген басқа мемлекеттерге улғі бола алады. Келешекте ҚХА өзінің құрлылымын жетілдіріп, көпұлттық қоғамды қолдау жолында одан ері маңызды жұмыс жүргізетініне сенім мол.

**Жасулан ОРЫНБАЕВ,  
Шымкент қаласы ҚХА  
ғылыми-сарапшылық тобы  
жанындағы жас ғалымдар  
клубының мүшесі,  
М.Әуезов атындағы  
ОҚУ аға оқытушысы,  
халықаралық  
қатынастар магистрі**